



**"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 11 желтоқсан N 1611

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"

Z952235\_

Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының  
Заңы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"  
Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы

1-бап. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі

Z952235\_

Заңына

(Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің

Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 45-құжат;

N 14, 197, 201, 202-құжаттар; N 23, 425-құжат; N 24, 436, 442, 445-құжаттар; 1999 ж., N 6, 192, 193-құжаттар; N 20, 731-құжат; N 21, 786-құжат; N 23, 928-құжат; N 24, 1067-құжат; 2000 ж., N 3-4, 65, 66-құжаттар; N 10, 234-құжат; 2001 ж., N 3, 16-құжат; N 10, 124-құжат; N 13-14, 173, 177-құжаттар; N 15-16, 224, 238-құжаттар; N 17-18, 241, 245-құжаттар; 2001 жылғы 13 қазанда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 16 қазанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары және басқа да мемлекеттік органдар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қазандағы Z010247\_ Заңы) мынадай өзгеріс енгізілсін:

104-7-баптың 3-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) әскери қызметшілерге әскери қызмет міндеттерін орындауға байланысты олар алатын және ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін орындауға байланысты олар алатын төлемдердің барлық түрлеріне;"

2-бап. Осы Заң 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Жуманазарова А.Б.